

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ**

**«Қазгидромет» РМК**



**05.07.2023 ж. №45 Бюллетенге түзету**

**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №45  
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

**«09» шілдеге 2023 ж.**

**(бюллетеннің әрекет ету аралығы «08» шілде күні 21 сағаттан «09» шілде күні 21 сағ. дейін 2023 ж.)**

***құрастырылған уақыты: 08.07.2023 ж.***

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1  
Алматы қ., Абай көшесі, 32

|                   |              |                        |                       |
|-------------------|--------------|------------------------|-----------------------|
| Кезекші синоптик: | Жандосова А. | тел.: 8(7172) 79-83-75 | e-mail: ukpp@meteo.kz |
| СҮЗСББ басшысы:   | Яфязова Р.   | тел.: 8(727) 267-64-87 | e-mail: seli@meteo.kz |

**2023 жылғы «09» шілдеге  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

|                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Іле Алатау</b>                          | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с, кей уақытта 25 м/с.<br><b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 12-17 градус жылы.<br><b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 7-12 градус жылы. |
| <b>Күнгей Алатау</b>                       | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с, кей уақытта 25 м/с.<br>Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 16-21 градус жылы.                                                                                        |
| <b>Теріскей Алатау</b>                     | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с, кей уақытта 25 м/с.<br>Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 16-21 градус жылы.                                                                                        |
| <b>Жетісу Алатау</b>                       | Жаңбыр (1,0-7,0 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, найзағай кезінде 15-20 м/с.<br><b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 10-15 градус жылы.<br><b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 8-13 градус жылы.                                                                                             |
| <b>Қырғыз Алатау</b>                       | Кей жерлерде жаңбыр (3,0-7,0 мм), найзағай, бұршақ болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 21-26 градус жылы болады.                                                                                                                                                 |
| <b>Талас Алатау<br/>(Жамбыл облысы)</b>    | Кей жерлерде жаңбыр (3,0-7,0 мм), найзағай, бұршақ болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 21-26 градус жылы болады.                                                                                                                                                 |
| <b>Талас Алатау<br/>(Түркістан облысы)</b> | Күндіз өткінші жаңбыр (1,0-10 мм), найзағай болады. Шығыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 22-27 градус жылы.                                                                                                                                                                     |
| <b>Өгем жотасы</b>                         | Күндіз өткінші жаңбыр (1,0-10 мм), найзағай болады. Шығыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 24-29 градус жылы.                                                                                                                                                                    |
| <b>Маңғыстау таулары</b>                   | Жауын-шашынсыз. Күндіз кей жерлерде шаңды дауыл. Жел оңтүстік-шығыстан, оңтүстіктен, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 25-30 жылы, күндіз 37-42 градус қатты ыстық.                                                                                                                                                |
| <b>Сауыр</b>                               | Күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14 м/с, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 25-30 градус жылы.                                                                                                                                                                            |
| <b>Тарбағатай</b>                          | Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.                                                                                                                                              |
| <b>Қазақстандық Алтай</b>                  | Кей жерлерде жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 18, күндіз 25-30, кей жерлерде 20 градус жылы.                                                                                                           |

**Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру  
«09» шілдеге 2023 ж.**

| Облыстар  | Сел қауіпті аудандар | Гидрометеорологиялық жағдай                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------|----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алматы    | Іле Алатауы          | Маусымдық қар сызығы солтүстік экспозиция беткейлерінде 3300 м биіктікте, батыс экспозиция беткейлерінде 3800 м биіктікте орналасқан. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі баяулады. 9 шілдеде кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ. Селдің пайда болуы жоққа шығарылмайды (өйткені ол жаңбырдың қарқындылығына және ұзақтығына байланысты). Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. <b>Кіші және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериялды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады.</b> |
|           | Күнгей Алатауы       | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі баяулады. 9 шілдеде кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ. Селдің пайда болуы жоққа шығарылмайды (өйткені ол жаңбырдың қарқындылығына және ұзақтығына байланысты). <b>Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.</b>                                                                                                                                                                                                                                  |
|           | Теріскей Алатау      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Жетісу    | Жетісу Алатауы       | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. 9 шілдеде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Жамбыл    | Қырғыз Алатауы       | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. 09 шілдеде кей жерлерде жаңбыр (3-7 мм), найзағай, бұршақ болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|           | Талас Алатауы        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Түркістан | Талас Алатауы        | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. 09 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|           | Өгем жотасы          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Маңғыстау | Маңғыстау таулары    | 9 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Абай      | Тарбағатай           | Үзіліссіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр 9 шілдеде кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|                            |                           |                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Шығыс<br/>Қазақстан</b> | <b>Сауыр</b>              | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 09 шілдеде күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай күтіледі. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                 |
|                            | <b>Қазақстандық Алтай</b> | Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен аспайды. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 09 шілдеде кей жерлерде жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. |

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (3 Қосымша).**

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.